



**Батыс Қазақстан облысы  
«Жайық жастары»  
педагогикалық жасақтың  
жазғы сауықтыру  
лагерлерінде атқарған  
жұмыстары туралы есебі  
2012-2013 оқу жылы**


Жаз маусымына дайындық кезеңін тәлімгерлер өздерінің жеке портфолиосын әзірлеуден бастады. Портфолио мазмұны тәлімгердің атқаратын қызметі, міндеті, лагерь әндерінің жинағы, топ аты, ұрандар жинағы, лагерьде ойналатын ойындар жинағы, лагерь заңы, күн тәртібі, түрлі сауалнамалар мен тренингтер жинақтары, тәрбиелік шаралар жинағы осындай құжаттар әзірленіп жұмысқа дайындық семинары ұйымдастырылды.



2013/06/01 10:31 AM



2013/06/01 10:42 AM



2013/06/01 10:45 AM



2013/06/01 11:19 AM



2013/06/01 10:56 AM



Жаз айлары мектеп білім алушылары үшін ерекше ықыласпен күтетін уақыт. Жыл бойы сабақ барысындағы тоқсан арасында берілетін күндер демалыс болып есептелгенімен, жаз кезінде демалыстың мол мүмкіндігін бере алмайды. Жазғы демалыс – мектеп білім алушыларының жалпы физиологиялық, сана–сезімдік, дүниетанымдық тұрғыда даму, жетілу кезеңі. Осыған орай «Жайық жастары» педагогикалық жасағы 2013 жылдың мамыр айы мен тамыз аралығында Орал қаласының аудандары мен қалада орналасқан Еуразия туристік-сауықтыру лагерінде, Атамекен, Самал, Дарын сауықтыру, сонымен қатар 12 мүшесі Орал қаласындағы Назарбаев Зияткерлік мектебінің жазғы тілдік мектебі лагерлерінде жұмыс атқарды.

Назарбаев Зияткерлік мектебінің жазғы тілдік мектебінде тәлімгерлер 2 апта жұмыс атқарып, тілдік бағытта балалар демалысын ұйымдастыру жолдарын үйренді, «Елдер, тілдер, құрлықтар...», «Салт-дәстүрлер калейдоскопы», «Смак», «Қолөнер көрмесі» т.б. тақырыптарда презентациялар, флэшмобтар, тренингтер, танымдық жарыстар өткізуге көмектесіп, оны дұрыс жүргізуді үйренді. Жазғы тілдік лагердің күн тәртібі: English флэшмоб, ағылшын тіліндегі сабақтар, Kazakh флэшмоб, Fruitbreak, Академиялық қызмет, түскі ас, сыныптан тыс шараларды ұйымдастыруға машықтанды. Білім алушылармен театрға, “Шеберлер қаласы” спектакліне, «Галактика» ойын-сауық орталығына, кино көрсетіліміне, бассейнге барып, оларды қоғамдық орындарда өзін-өзі ұстауына, басқаруға және ұжымшылдыққа бағдар берді. Осы шаралардың бәрі үш тілде жүргізіліп, білім алушылардың тілдік дағдылары дамытылды. Жұмыс нәтижесінде Назарбаев Зияткерлік мектебінде жұмыс атқарған педотряд мүшелері өз жұмыстарын “өте жақсы” деңгейде көрсете білді.



**Еуразия туристік лагерінде балалардың жазғы демалысын ұтымды пайдалану мақсатында олармен тәлімгерлер түрлі қызықты шаралар өткізді. Жоспар бойынша түрлі туристік сайыстар, жорықтар ұйымдастырылды. Шалқар көлі, Орал қаласының мұражайлары, жас натуралистер станциясында экскурсия өте жақсы деңгейде ұйымдастырылды. Сонымен қатар, түрлі танымдық шаралар күн сайын ұйымдастырылып, «Қош келдің, достым, лагерьге!», «Нептун күні», «Бантиктер мерекесі», «Керісінше күн» шаралар жоғарғы деңгейде өткізілді.**

Шараларды өткізу барысында балалардың жас ерекшелігін, психологиялық ерекшелігін, қабілет–мүмкіндігін тағы сол сияқты ерекшеліктері мен мүмкіндіктерін ескерді. Осы өткізген шаралардың нәтижесі балаларға:

–өз денсаулығы мен өзінің өсіп–жетілуіне мән беруге;

–ойын әрекеті барысында ойлау әрекетінің де тиімді әдістерін меңгертуге;

–достық, жолдастық, сыйластық, өзара көмек, адами сияқты қасиеттерді ұғынуға;

–туған жердің табиғатының және экологиясының маңыздылығына мән беруге;

мүмкіндік берді.





Тәлімгерлер күн сайын тәрбиелік шаралар өткізді. «Қош, келдің достым, лагерьге», лагердің алғашқы күні, білім алушыларды бір-бірімен таныстыру мақсатында әр түрлі сұрақ-жауаптар, ойындар ойнатылды. «Каля-Маля» сайысы (бұл сайыста білім алушылар көздерін байлау арқылы сурет салады, білім алушылар қызығушылықпен белсене қатысты), «Сенің жұлдызды сәтің!»(оқушылар өз өнерлерін көрсетіп, белсене қатысты), «Көңілді эстафета» (спорттық ойындар сайысы), «Лагерь ханзадасы мен ханшайымы»(әр топтан шыққан ұл мен қыздар өз өнерлерін ортаға салып,лагерь ханзадасы мен ханшайымы атағын иеленді), «Табиғат күні» (оқушылар машықкерлермен бірге табиғат әлеміне саяхат жасады), «Өнер- өрге жетелейді» (сайысында оқушылар шеберліктерін шындай түсіп,жұмбақтармен мақалдардың жалғасын тауып шапшаңдыққа үйренеді), «Миллион кімге бұйырады», «Мәнерлеп оқу» (сайысында оқушылар өздерінің сүйікті шығармаларын жатқа және мәнерлеп оқып,жарысады.) «Екі жұлдыз» (өз өнерлерін көрсетеді.)





**«Өнер - өрге жетелейді» (сайысында білім алушылар шеберліктерін шыңдай түсіп, жұмбақтар мен мақалдардың жалғасын тауып шапшаңдыққа үйренеді), «Миллион кімге бұйырады?», «Мәнерлеп оқу» (сайысында білім алушылар өздерінің сүйікті шығармаларын мәнерлеп, жатқа оқып, жарысады.), «Екі жұлдыз» (өз өнерлерін көрсетеді.)**





Әрбір өткізілген шаралар барысында білім алушылар дипломдармен марапатталып, қорытынды шығарылады.

Машықкерлер күнделікті таңғы жаттығулар жасатып, бос уақыттарында теледидар қаратып, би кештерін ұйымдастырып, оқушыларды лагерьге қызықтыра алды.

Жазғы педагогикалық машық кезінде машықкерлер «үздік» деп бағаланды.

**Аудан бойынша:**

**Теректі ауданында бес тәлімгер жұмыстанды. Жалпы жұмыс барысында тәлімгерлер білім алушылармен бірге қызықты шаралар өткізіп келді. Атап айтар болсақ, Ғұмар Сұлтан «Толағай» спорттық сайысында балалармен бірге жүріп жарысты, «Туған өлкем - неткен көркем!» атты білім сайысын өте жақсы ұйымдастыра алды. Балалармен суға, би кештеріне, тауға серуенге барғанда үлкен жауапкершілікпен қарап, өз міндеттерін толығымен атқарды.**

**Жаз 2013 қорытындысы бойынша жасалған жұмыстар талданылып, тәлімгерлер педотрядтың жаңа мүшелеріне «Жайық жастары» педагогикалық жасағының жұмысымен таныстыру конференциясы ұйымдастырылды.**

**2013 жылғы маусым қорытындысы бойынша «Жайық жастары» педагогикалық жасағы облыс әкімінің «Үздік ұйымдастырушысы» дипломымен марапатталды.**

